

Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз етуді жетілдіру мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 шілде N 935. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Өндіріс шығындары құрамын қалыптастыруды реттеу, электр және жылу энергияларын беру және бөлу, энергия тұтынушылар мен өндірушілер құқығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Еңбек министрлігімен, Қазақстан Республикасының құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігімен келісілген, Шаруашылық жүргізу什і субъектілер - табиғи монополистер өндіретін және өткізетін өнімдердің /жұмыстардың, қызмет көрсету түрлерінің/ өзіндік құнын енгізетін шығындар құрамын қалыптастырудың ерекше тәртібін /бұдан әрі - Ерекше тәртіп/ электр энергиясын өндіруші және тасымалдаушы мемлекеттік энергетика кәсіпорындарына сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке жататын энергетика кәсіпорындарын 1996 жылдың 1 тамызынан бастап қолданылады.

Ерекше тәртіп Кәсіпорындардың - табиғи монополистердің атаулы мемлекеттік тізіміне енгізілген энергетика кәсіпорындарына қолданылады деп белгіленсін.

Өкілетті органдар энергетикалық кәсіпорындарды арендаға немесе сенімді басқаруға беру үшін контракт жасаған кезде арендаторлар мен сенімді басқарушылардың шарт жағдайларында Ерекше тәртіпті орындауы көзделсін.

2. "Өндірісті дамытудың мақсатты индикаторлары және 1996 жылды өнімдерге, жұмыстар мен қызмет көрсету түрлеріне бағалар мен тарифтерді өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 ақпандағы N 202 қаулысында көзделген бағалардың деңгейден тыс индексінде электр энергиясына тарифтер қолданудан, сондай-ақ Ерекше тәртіпті қолдану барысында анықталған резервтерден 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап алынған қаржаттар 1996 жылы отын сатып алу мен жабдықтарды жөндеуге ғана жұмсалуы мүмкін деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат

жөніндегі мемлекеттік комитеті жоғарыда көрсетілген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасасын.

4. Отынның жетіспеуі төлемді жүйелі түрде төлеп отыратын тұтынушылардың электр энергиясын бөліп тастауға негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті төлемді уақытында және толық көлемде жүзеге асыратын тұтынушылардың электр энергиясын бөліп тастағаны үшін тұтынушыларға зиян келтірген энергетика кәсіпорындарына 1996 жылдың 1 қазанынан бастап қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шаралар қолданады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі :

1996 жылдың 1 қазанына дейін:

электр энергиясына қарыз емес тұтынушылардың мұдделеріне нұқсан келтіретін "веерлік бөліп тастау" практикасын барлық республика аумағынан алып тастау жөніндегі шараларды әзірлесін және оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін;

бөлу есебін аяқтасын, төлем төлемейтін тұтынушылардың электр энергиясын аталымды бөліп тастау әдісі қолданылсын;

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып маңызды түрде қысқарту мақсатында энергиямен жабдықтау көздерінен бөліп тастауға жатпайтын объектілер тізбесін қайта қарасын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып энергетикадағы әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй қорының объектілері бойынша 1996 жылдың 1 қазанына дейін ашық аукциондар өткізсін және 1996 жылдың 15 қазанына дейін істелген жұмыстар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын.

7. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне 1996 жылдың 1 қарашасына дейін инвесторларды, қаржыландыру көздерін және оларды кейін жекешелендіру жолдарын іздестіру жөніндегі жұмыстарды өткізе отырып энергетика кәсіпорындарының - табиғи монополистердің әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй қорының жекешелендірілмеген объектілерін балансқа қабылдау тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі нақты қаржыландыру көлемдерін негізге ала отырып бюджеттік мекемелер үшін электр энергиясын тұтыну лимиттерін 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әзірлеп, енгізсін, энергия

тұтынушылар түрғысында мемлекеттік мекемелер жұмыстарының неғұрлым ұтымды тәртібін жасап, күшіне енгізсін.

9. Облыстар, қалалар, елді мекендер әкімдерінің электр энергиясын төлеусіз беруге энергетика кәсіпорындарын мәжбүр етуіне тыйым салынсын.

10. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдары электр энергиясымен жабдықтау және оларды тұтыну тәртібіне араласу фактілері бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартсын.

11. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қауалының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ай сайын әр айдың 10-да ақпарат беріп отырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК